

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы "Қарасу" және "Ақ-Тілек" автожол өткізу пункттері ауданында индустриялық сауда-логистикалық кешенді құру және оның қызметін реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 18 қыркүйектегі № 128-VIII ҚРЗ

2023 жылғы 9 маусымда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы "Қарасу" және "Ақ-Тілек" автожол өткізу пункттері ауданында индустриялық сауда-логистикалық кешенді құру және оның қызметін реттеу туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ. ТОҚАЕВ*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы "Қарасу" және "Ақ-Тілек" автожол өткізу пункттері ауданындағы индустриялық сауда-логистикалық кешеннің қызметін құру және реттеу туралы КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы Жоғары Мемлекетаралық Кеңесінің 2019 жылғы 27 қарашадағы Бесінші отырысының № 3 шешіміне, 2021 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі мен Қырғыз Республикасының Экономика және коммерция министрі бекіткен "Қарасу" және "Ақ-Тілек" автожол өткізу пункттері ауданында индустриялық сауда-логистикалық кешенін (бұдан әрі - ИСЛК) құру және оның жұмыс істеуі жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспарының 8-тармағына сәйкес

сауда саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту мен оның тиімділігін арттыруға, инвестициялық мүмкіндіктерді жақсартуға және құрылатын сауда-өнеркәсіптік және логистикалық алаңдарды белгілеу мен дамытуға қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін елеулі әлеуеттің бар екендігін атап өте отырып,

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі мен Қырғыз Республикасының Экономика және коммерция министрлігі арасында 2021 жылғы 20 тамызда қол қойылған Индустриялық сауда-логистикалық кешендерді құру және олардың жұмыс істеуі тұжырымдамасында қамтылған ұсынымдарды ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

**1-тарау. Құқықтық мәртебесі және басқару органдары туралы**

## **1-бап**

Тараптар өндіріс пен кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саласындағы ынтымақтастықты кеңейту мақсатында ИСЛК құрады, сондай-ақ инвестицияларды, Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес инвесторлармен инвестициялық қызметті жүзеге асыруға арналған шарттар жасасу арқылы да тартуға ықпал етеді.

Осы мақсатта Қазақстан Тарапы ИСЛК-ның инфрақұрылымын салуға инвестициялар тартуды қамтамасыз етеді.

Тараптар осындай қызмет саласындағы жобаларды табысты іске асыру тәжірибесі бар инвесторларды тартуға міндеттенеді.

ИСЛК Тараптар мемлекеттерінің шекара маңындағы шектес аумақтарында орналасқан Қазақстан және Қырғыз бөліктерінен тұратын сауда, экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық кешені (орталығы) болып табылады.

ИСЛК құрудың және оның жұмыс істеуінің негізгі мақсаттары - қоймаға жинау, сақтау, шоғырландыру, қайта өңдеу, жаңа тауарлар өндіру және оларды халықаралық тауар өткізуші жүйелерге тиімді интеграциялай отырып, одан әрі өткізу саласындағы өндірістік кооперацияны қамтамасыз ету, сондай-ақ қысқа мерзімді сақтау, логистика, сауда орындарын жалға алу, сату алдындағы дайындау (өнімді калибрлеу, сұрыптау, өлшеп орау және қаптау, сертификаттау), тауарларды көтерме партиялар бойынша шоғырландыру және қайта бөлу, тиеу және түсіру, экспорттық-импорттық операциялар бойынша құжаттамаларды ресімдеу көрсетілетін қызметтерін ұсыну, заңдық және қаржылық консультациялар.

ИСЛК ортақ мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын өндірістерді, ілеспе қызмет түрлерін дамытуға арналған платформа болып табылады.

## **2-бап**

ИСЛК-ның Қазақстан бөлігі Қазақстан Республикасының юрисдикциясында болады.

ИСЛК-ның Қырғыз бөлігі Қырғыз Республикасының юрисдикциясында болады.

## **3-бап**

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі ИСЛК-ның Қазақстан бөлігінің қызметін үйлестіретін уәкілетті орган болып табылады.

Қырғыз Республикасының Экономика және коммерция министрлігі ИСЛК-ның Қырғыз бөлігінің қызметін үйлестіретін уәкілетті орган болып табылады.

Тараптардың бірінің уәкілетті органының ресми атауы өзгерген немесе қайта құрылған кезде мұндай Тарап бұл туралы екінші Тарапты дипломатиялық арналар

арқылы дереу хабардар етеді және тиісті құқықтық мирасқорлықты қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

ИСЛК құру және оның одан әрі жұмыс істеуі мақсатында Тараптар басқарушы компанияларды айқындайды.

Басқарушы компаниялар Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының аумағында құрылып, тіркеледі, өздерінің қызметін өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жүзеге асырады, бұл ретте басқарушы компаниялардың қызмет мерзімі осы Келісімнің қолданылу мерзімінен аз болмауға тиіс.

Басқарушы компаниялар Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес өз атынан шарттар жасасуға, мүліктік және мүліктік емес құқықтар алуға және міндеттер атқаруға, сотта, төрелікте және аралық сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы. Басқарушы компаниялар Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес өздеріне тиесілі мүлік шегінде өз міндеттемелері бойынша материалдық жауаптылықта болады.

Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар басқарушы компаниялардың міндеттемелері бойынша жауапты болмайды, Басқарушы компаниялар Тараптардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Басқарушы компаниялардың функцияларына:

- ИСЛК-ның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- рұқсаттар, лицензиялар беру және сертификаттау жүргізу үшін "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер алуда, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің заңнамалары бойынша консультациялар беруде ИСЛК қатысушыларына жәрдем көрсету;
- кәсіпкерлік қызметке байланысты ықтимал тәуекелдерді қолдауды және азайтуды қоса алғанда, ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағында қызмет үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз етуде жәрдем көрсету;
- ИСЛК қатысушыларын тарту және олардың жұмыстарын ұйымдастыру, сондай-ақ инфрақұрылым, көлік инфрақұрылымы, сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, телекоммуникациялар, инженерлік қорғау және басқа да инженерлік коммуникациялар объектілерін салу, сондай-ақ ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағын, өндірістік объектілерді, қоймаларды, сауда-көрме объектілерін, әртүрлі іскерлік үй-жайларды, терминалдарды және ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағындағы басқа да ғимараттар мен құрылысжайларды қоршау (бұдан әрі - кәсіпкерлік қызмет объектілері) ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағында қызмет түрлерін жүзеге асыру, өнеркәсіптік-инновациялық және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тарту;
- ИСЛК-ның жұмыс істеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;
- ИСЛК-ны дамыту және ілгерілету бойынша іс-шаралар өткізу;
- Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына қайшы келмейтін өзге де функцияларды жүзеге асыру

ИСЛК аумағындағы адамдар мен көлік құралдарының режим тәртібін сақтауын бақылауда жәрдем көрсету жатады.

Көрсетілетін қызметтерді ұсыну сапасын арттыру үшін Тараптар ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағында қатысушыларға, оның ішінде мүдделі уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдеріне қызмет көрсету орталықтарын орналастырады, сондай-ақ IT-технологияларды енгізеді.

## **2-тарау. ИСЛК аумағы мен алаңының орналасуы, шекаралары туралы 4-бап**

ИСЛК Тараптар мемлекеттерінің шекара маңындағы шектес аумақтарында, Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының мемлекеттік шекара сызығының екі жағында, "Қарасу - автожол" (Қазақстан Республикасы) және "Ақ-Тілек - автожол" (Қырғыз Республикасы) өткізу пункттерінің жанында орналасқан, бұл ретте ИСЛК-ның Қазақстан бөлігі мен Қырғыз бөлігі шекара белдеуінен тыс орналасқан.

ИСЛК-ның дамуы және Қазақстан және Қырғыз бөліктерін жалғастыратын арнайы өткелдің (көпірдің) салынуына қарай ИСЛК үшін қосымша тәулік бойы жұмыс режимімен жабдықталған, көпжақты халықаралық өткізу пункттері орнатылсын.

ИСЛК-ның Қазақстан және Қырғыз бөліктерін жалғастыратын арнайы өткел (көпір) құрылысы ИСЛК ресми ашылғаннан кейін үш жыл ішінде жүзеге асырылады.

Арнайы өткел (көпір) екі жағынан да мемлекеттік шекара режимінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ететін қоршаумен, күзету мен бейнебақылаудың техникалық құралдарымен жабдықталады.

Адамдар мен көлік құралдарының жүруі, арнайы өткел (көпір) арқылы жүктерді және өзге де мүлікті жылжыту кезінде қозғалыс маршрутын өзгертуге және жолаушылар мен көлік ағындарын араластыруға жол берілмейді.

ИСЛК-ның Қазақстан және Қырғыз бөліктерін жалғастыратын арнайы өткел (көпір) салу ИСЛК жобасы шеңберінде Қазақстан тарапының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Бұл ретте арнайы құрылысжайды (көпірді) күзету және бейнебақылау құралдарымен жабдықтау мәселелерінде жобалау, салу және жетілдіру процесі Тараптар мемлекеттерінің Шекара қызметтерімен келісіледі.

ИСЛК-ның басқару және оның аумағындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметі қатаң түрде ИСЛК аумағына бөлінген және қоршаулармен және арнаулы белгілермен жабдықталған шекаралары шегінде жүзеге асырылады.

## **5-бап**

ИСЛК-ның жалпы алаңы 7,6 шаршы км. құрайды, оның ішінде Қазақстан бөлігінің алаңы - 3,6 шаршы км., Қырғыз бөлігінің алаңы - 4 шаршы км.

ИСЛК бөліктерінің шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту осы Келісімге өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асырылады.

## **6-бап**

ИСЛК-ның Қазақстан және Қырғыз бөліктері арасындағы байланыс ИСЛК-ның екі бөлігі арасындағы көпір (арнайы өткел) пайдалануға берілгенге дейін жұмыс істеп тұрған өткел арқылы жүзеге асырылады.

## **3-тарау. ИСЛК функциялары мен басқару режимі туралы**

### **7-бап**

Тараптар ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағында Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірістік, ғылыми-техникалық, инвестициялық, коммерциялық, бірлескен және Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерінің тиімді нысандарын дамытуды қолдайды.

ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағындағы қызметке байланысты мәселелерде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, олар Тараптар арасында консультациялар және (немесе) келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес басқарушы компания ИСЛК қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасқан ИСЛК-ның әрбір бөлігі аумағында кәсіпкерлік қызмет объектілерін орналастыруды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, жеке және заңды тұлғалар ИСЛК қатысушылары болып табылады.

ИСЛК қатысушылары Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес өздеріне берілген жер учаскесінің ИСЛК-ның әрбір бөлігі аумағында өз қаражаты есебінен өздеріне қажетті кәсіпкерлік қызмет объектілерін салуды жүзеге асыруға құқылы.

ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағында осындай объектілерді салу Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында және (немесе) жобалау мен салуға арналған халықаралық нормаларда және (немесе) стандарттарда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

ИСЛК ұлттық және мемлекеттік мерекелерді (мереке күндері туралы хабарламаны бір Тарап мереке күніне дейін 72 сағаттан кешіктірмей екінші Тарапқа ресми арналар арқылы жібереді) ескере отырып, алты күндік жұмыс аптасымен (сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін) жұмыс істейді.

### **8-бап**

ИСЛК қатысушыларының бизнесін дамытуды кеңейту мақсатында:

1) өндірістік кооперация, жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын құру;

- 2) ет және ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және қайта өңдеу;
- 3) логистиканы және кәсіпкерлік қызмет объектілерін жақсарту;
- 4) жаңа технологияларды тарту;
- 5) ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыру;
- 6) агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін өткізу, сақтау және қайта өңдеу;
- 7) тамақ және ауыл шаруашылығы өнімін қоса алғанда, бәсекелестік тұрғысынан артықшылығы жоғары халық тұтынатын тауарлар өндіру;
- 8) жаңа тауарлар өндіру және оларды халықаралық тауар өткізетін жүйелермен тиімді түрде интеграциялай отырып, одан әрі өткізу;
- 9) Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында белгіленген талаптар сақталған жағдайда, ИСЛК құру және оның жұмыс істеуі мақсаттарына сәйкес келетін өзге де қызмет түрлері экономикалық қызмет түрінің құрамындағы негізгі сипаттамалар болып табылады.

Егер Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында және олардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарда өзге де көзделмесе, қатысушылар ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағында құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар үшін белгіленген міндеттерді атқарады.

Өздерінің мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарда және Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағында әрбір Тарап басқа Тарапқа, оның жеке және заңды тұлғаларына, сондай-ақ дара кәсіпкерлерге инвестициялық, экономикалық, сауда және өзге де қатынастар саласында осындай (осыған ұқсас) қатынастарды өзінің жеке, заңды тұлғаларына және дара кәсіпкерлеріне болашақта ұсынылатын режимнен қолайлылығы кем емес жағдайлар ұсынуға міндеттенеді.

ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағында өнім өндіретін Тараптар мемлекеттерінің кәсіпкерлік субъектілері осы өнімнің Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында және өздерінің мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

## **9-бап**

ИСЛК-ның Қырғыз бөлігі аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен ұйымдарын, сол сияқты ИСЛК-ның Қазақстан бөлігінде орналасқан Қырғыз Республикасының кәсіпорындары мен ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату өздері аумағында тіркелген Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

## **10-бап**

Көлік инфрақұрылымының, сумен жабдықтаудың, электрмен жабдықтаудың, телекоммуникациялардың, инженерлік қорғаудың және басқа да инженерлік коммуникациялардың жобалау, құрылыс және жөндеу жұмыстарын, жұмыс істеп тұрған өткелді, пунктті (дәлізді), әкімшілік басқару, ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағын қоршауды және басқа да инфрақұрылым объектілерін қаржыландыру инвестициялар ретінде Қазақстан тарапы тартатын қаражат есебінен жүзеге асырылады.

ИСЛК құрылысының орындалуын мониторингтеу мақсатында Тараптар бірлескен комиссия құрады.

#### **4-тарау. ИСЛК аумағындағы салық салу және инвестициялық режим туралы**

##### **11-бап**

ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағындағы салық салу Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына және өз мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

##### **12-бап**

Тараптар инвестициялардың қозғалысын ұлғайту, бір мемлекет инвесторының қаржы салымдарын екінші мемлекеттің аумағына соңғысының заңнамасына сәйкес жіберуді ұсыну жолымен экономикалық ынтымақтастықты дамытуға ұмтылысты көтермелейді.

Осы мақсатта Тараптар ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағында инвестициялық ахуалды ынталандыру үшін әділ және тең құқылы режим ұсынады.

Инвесторға шарттардың бүкіл қолданылу мерзіміне:

- құқықтар мен мүдделерді толық және сөзсіз қорғау;

- мемлекеттік органдардың Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес келмейтін кез келген акт шығару, сондай-ақ кез келген осындай органның лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) салдарынан келтірілген зиянды Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес өтетү құқығы;

- инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасында жасалған шарттардың Тараптар талаптарының тұрақтылығына кепілдіктер олардың барлық мерзіміне ұсынылады.

ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру шеңберінде инвесторларға Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес көзделген инвестициялық преференциялар берілуі мүмкін.

Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптардың әрқайсысының мемлекеттері инвесторларының инвестициялары мемлекет

меншігіне алынбайды, реквизицияланбайды немесе екінші Тараптың ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағында мемлекет меншігіне алу немесе реквизициялау сияқты салдары болатын өзге де шараларға тартылмайды.

## **5-тарау. Валюталық реттеу, валюталық бақылау, банк және сақтандыру қызметі туралы**

### **13-бап**

Валюталық операцияларды жүзеге асыруға байланысты қатынастар Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес реттеледі.

ИСЛК-ның Қазақстан және Қырғыз бөліктерінің аумақтарында құрылатын банктер немесе басқа да ұйымдар Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметтерді ұсынады.

Жеке тұлғалардың ИСЛК аумағының Қазақстан бөлігіне/одан қолма-қол ақшаны әкелуі/әкетуі жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағына/аумағынан қолма-қол ақшаны әкелуі/әкетуі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке тұлғалардың ИСЛК аумағының Қырғыз бөлігіне/одан қолма-қол ақшаны әкелуі/әкетуі жеке тұлғалардың Қырғыз Республикасының аумағына/аумағынан қолма-қол ақшаны әкелуіне/әкетуі үшін Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

### **14-бап**

Банктерді немесе олардың бөлімшелерін құру, сондай-ақ олардың қызметі Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады, реттеледі және бақыланып, қадағаланады.

### **15-бап**

ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағында орналасқан кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда сақтандыру шарттары Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында белгіленген тәртіппен жасалады.

## **6-тарау. Адамдардың, тауарлардың (жүктердің) және көлік құралдарының өткізілуін бақылау тәртібі**

### **16-бап**

Адамдарды, көлік құралдарын, тауарларды (жүктерді) және өзге де мүлікті ИСЛК-ға/-дан өткізу Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына және халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қырғыз мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімге сәйкес адамдардың, тауарлардың (жүктердің), көлік құралдарының ИСЛК аумағына кіруі, одан шығуы жұмыс істеп тұрған өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасында - "Қарасу-автожол" өткізу пункті.

Қырғыз Республикасында - "Ақ-Тілек автожол" өткізу пункті.

## **17-бап**

Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында заңды түрде болатын Қазақстан Республикасының және Қырғыз Республикасының азаматтары, үшінші мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттар және Тараптар мемлекеттерінің сыртқы көші-қон саласындағы заңнамасы негізінде мемлекеттік шекарадағы халықаралық қатынас үшін ашық өткізу пункттері арқылы жарамды құжаттары және оларды алмастыратын құжаттар бойынша ИСЛК-ға кіреді/одан шығады.

ИСЛК аумағы шегінде адамдар, тауарлар (жүктер) және көлік құралдары еркін қозғалады.

## **18-бап**

Тараптар дүлей зілзалалар, эпидемиялар және басқа да төтенше жағдайлар туындаған кезде ИСЛК бөліктері арасындағы қатынасты тоқтата тұра алады, бұл туралы Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының құзыретті органдары бір-бірін алдын ала хабардар етеді.

## **19-бап**

Жеке басын куәландыратын құжаты жоғалған немесе бүлінген жағдайларда, ИСЛК аумағындағы адам, өзі кірген Тарап мемлекетінің ИСЛК аумағындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі құзыретті органдарына жүгінуге тиіс, олар, қажет болған жағдайда, екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, оның жеке басын және ИСЛК аумағында заңды болу фактісін уақтылы растайды.

**7-тарау. ИСЛК аумағында қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету**

## **20-бап**

Тараптар ИСЛК-ның өз бөлігіндегі аумақта қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі құзыретті органдарды, сондай-ақ қажет болған

жағдайда шарттық негізде күзет қызметін жүзеге асыратын ұйымдарды орналастыра алады.

## **21-бап**

ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағында жасалған құқық бұзушылықтар мен қылмыстар Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес олар жасалған аумақтағы жасалған қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі құзыретті органдардың юрисдикциясына жатады.

Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына және өз мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес олардың келісімі бойынша құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жөніндегі материалдар екінші Тараптың қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі мемлекеттік органдарының юрисдикциясына берілуі мүмкін.

## **22-бап**

Тараптардың қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі құзыретті органдары Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына және өз мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес өзара іс-қимылды жүзеге асырады, тиісті ақпарат алмасады.

ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі құзыретті органдар өз құзыреті шегінде өзара қажетті және мүмкін болатын жәрдем көрсетеді.

## **23-бап**

Тиімді бақылауды жүргізу мақсатында Тараптар ИСЛК шекараларының периметрі бойынша бақылау жүйесімен және жарықтандыру аспаптарымен жабдықталған қоршау орнату және қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

## **8-тарау. ИСЛК аумағындағы санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық бақылау туралы**

### **24-бап**

Тараптар ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағында Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына және өз мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес санитариялық, ветеринариялық, фитосанитариялық бақылауды жүзеге асырады.

### **25-бап**

Тараптардың тиісті органдары инфекциялық ауруларды бақылау саласында, сондай-ақ бір-біріне өткізілетін және бақыланатын ауыл шаруашылығы өнімдеріне карантиндік фитосанитариялық, ветеринариялық бақылау жүргізу кезінде өзара ынтымақтастықты жүзеге асырады және нығайтады, эпизоотиялық және фитосанитариялық жай-күй, эпидемиологиялық жағдай туралы және оларды жою жөнінде уақтылы қабылданған шаралар жөнінде өзара хабардар етеді.

## **26-бап**

ИСЛК аумағындағы Тараптардың әрқайсысының меншік нысанына қарамастан, мал шаруашылығы және өсімдік өнімдерін дайындаумен, сақтаумен, өңдеумен және экспорттық-импорттық берумен айналысатын шаруашылықтары мен кәсіпорындары санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық талаптарға сәйкес келуге және Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына және өз мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шаралар саласындағы өз Тараптарының уәкілетті мемлекеттік органдарының тұрақты ресми бақылауында болуға тиіс.

## **9-тарау. ИСЛК аумағындағы еңбек қызметі мәселелері туралы**

### **27-бап**

ИСЛК-ның әрбір бөлігінің аумағындағы еңбек қызметі Тараптар мемлекеттерінің заңнамасымен және өз мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттармен реттеледі.

## **10-тарау. Дауларды шешу, Келісімнің күшіне енуі, қолданысын тоқтату және оған өзгерістер енгізу туралы**

### **28-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты дауларды шешу, сондай-ақ күтпеген және еңсерілмейтін мән-жайлардың (форс-мажор мән-жайлары) салдарын реттеу Тараптар арасында консультациялар немесе келіссөздер жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Тараптар өзара келісім бойынша осы Келісімге Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын, жекелеген хаттамалармен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

### **29-бап**

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату осы Келісімді іске асыру шеңберінде басталған және ол тоқтатылғанға дейін аяқталмаған қызмет пен жобаларды қозғамайды.

Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің осы Келісімге байланысты туындаған шарттық міндеттемелерді қайта қарауы немесе оларды біржақты тәртіппен сақтамауы үшін құқықтық негіз болып табылмайды.

Осы Келісім 25 (жиырма бес) жыл мерзімге жасалады және егер бастапқы немесе кез келген кейінгі кезең аяқталғанға дейін 6 (алты) ай бұрын Тараптардың ешқайсысы дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапты осы Келісімнің қолданысын ұзартпау ниеті туралы хабардар етпесе, автоматты түрде бесжылдық кезеңдерге ұзартылады.

2023 жылғы "9" маусым Астана қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімді түсіндіруде және қолдануда алшақтықтар болған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Қырғыз  
Республикасының Министрлер  
Кабинеті үшін*